

КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Джункабаева З.А., колледж директоры

2025–2026 оқу жылы өз мәресіне жетіп келеді. Біздің колледж үшін бұл жай ғана кезекті оқу жылы емес, сонымен қатар колледждің **2025–2030 жылдарға арналған даму стратегиясын** іске асыруға көшу кезеңіндегі маңызды белес болды.

Бүгін оқу жылының қорытындысын шығара отырып, атқарылған жұмыстарды тізбелеумен ғана шектелмей, үш маңызды сұраққа шынайы жауап беруіміз қажет:

- нені жоспарладық;
- қандай қиындықтарға тап болдық;
- қандай нәтижелерге қол жеткіздік.

Кез келген даму қарама-қайшылықтарды еңсеру арқылы жүзеге асады. Сондықтан бүгінгі баяндамамды **«мақсат – сын-қатер – нәтиже»** қағидаты бойынша құруды жөн көрдім.

БІЗ НЕНІ ӨЗГЕРТУДІ МАҚСАТ ЕТТІК

Оқу жылының басында колледж алдына тек тұрақты жұмысты қамтамасыз ету ғана емес, оның әрі қарай дамуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасау міндеті қойылды.

Осыған байланысты біз қызметіміздің бірнеше негізгі бағытын айқындадық.

Бірінші бағыт – тәжірибеге бағдарланған оқытуды күшейту және өндірістік практиканы ұйымдастыру жүйесін жетілдіру арқылы мамандар даярлау сапасын арттыру.

Екінші бағыт – білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау, цифрлық білім беру ортасын дамыту және басқарудың заманауи технологияларын енгізу.

Үшінші бағыт – педагогтердің аттестатталуы, біліктілігін арттыруы, біліктілік санаттарын алуы және кәсіби құзыреттерін дамыту арқылы кадрлық әлеуеттің сапасын көтеру.

Төртінші бағыт – колледжді дамытудың стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде жасанды интеллект технологияларын енгізу.

Бесінші бағыт – материалдық-техникалық базаны нығайту және заманауи білім беру ортасын қалыптастыру.

Алтыншы бағыт – білім сапасы, кадрлық әлеует және барлық құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу арқылы колледждің рейтингін арттыру.

Біз қазіргі таңда колледж қызметі тек білім алушылар саны бойынша ғана бағаланбайтынын жақсы түсіндік. Бүгінде педагогтердің сапалық құрамы, олардың аттестаттау нәтижелері, заңнама талаптарының сақталуы, студенттердің жетістіктері, цифрландыру деңгейі, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері де басты назарға алынады.

Сондықтан біздің басты мақсатымыз қолданыстағы жүйені сақтап қалу емес, оны жаңа деңгейге көтеріп, үздіксіз дамыту болды.

ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛДІК

Алайда кез келген өзгеріс үдерісі қарсылықтармен және объективті қиындықтармен қатар жүреді.

Бірінші қайшылық білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа моделін енгізу барысында туындады.

Біз студенттерді ірі оқу блоктарының соңында жаппай өндірістік практикаға жіберу тәжірибесінен бас тартып, тәжірибеге бағдарланған модульдік оқыту форматына кезең-кезеңімен көшуді бастадық.

Бұл өз кезегінде оқу кестесін, оқу жоспарларын, педагогтердің оқу жүктемесін, бөлімдер арасындағы өзара іс-қимылды және өндірістік практиканы ұйымдастыру жүйесін қайта қарауды талап етті.

Әрине, бұл өзгерістердің барлығы бірден оң қабылдана қойған жоқ. Сабақ кестесіне, оқу жүктемесіне, өндірістік практиканы ұйымдастыруға және студенттерге тәлімгерлік көрсетуге қатысты түрлі сұрақтар туындады. Кейбір мамандықтар бойынша студенттердің кәсіби құзыреттерін толық қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіпорындарды табу әрдайым мүмкін бола бермейді. Жекелеген жағдайларда жұмыс берушілер студенттерді олардың кәсіби дағдыларын дамытуға тікелей қатысы жоқ жұмыстарға тартатыны да байқалады.

Екінші қайшылық цифрландыру үдерісімен байланысты болды.

Біз білім беру үдерістерінің едәуір бөлігін цифрлық ортаға көшіру міндетін қойдық. Алайда педагогтердің цифрлық дайындық деңгейі әртүрлі екені анық байқалды.

Бірқатар оқытушылар жаңа цифрлық құралдарды тез меңгеріп, Platonus жүйесінің мүмкіндіктерін, электрондық білім беру ресурстарын және жасанды интеллект элементтерін белсенді қолдана бастады.

Ал кейбір педагогтерге қосымша әдістемелік қолдау қажет болды.

Үшінші қайшылық студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында көрініс тапты.

Біз студенттердің өзіндік жұмысын оқу сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде айқындадық.

Алайда жүргізілген мониторинг нәтижесінде кейбір оқытушылардың бұл жұмысты тек формалды талап ретінде қабылдайтыны анықталды.

Соның салдарынан педагогтердің студенттермен жұмысқа тартылу деңгейі, кері байланыстың сапасы және цифрлық құралдарды пайдалану көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық байқалды.

Төртінші қайшылық кадрлық әлеуетке қатысты болды.

Оқу жылы ішінде колледждің педагогикалық құрамы жаңартылып, ұжымға өндірістік тәжірибесі мол жаңа мамандар келіп қосылды.

Бір жағынан, бұл білім беру үдерісінің тәжірибелік бағытын күшейтті.

Екінші жағынан, жаңа қызметкерлерді колледждің ішкі талаптарына, әдістемелік мәдениетіне және сапаны басқару жүйесіне бейімдеу қажеттілігі туындады.

Бүгінгі таңда педагогтерге қойылатын талаптардың едәуір артқанын ерекше атап өткен жөн. Аттестаттау, біліктілікті арттыру, біліктілік санатын алу және растау, кәсіби байқаулар мен іс-шараларға қатысу – кәсіби дамудың міндетті шарттарына айналып отыр. Сонымен бірге барлық қызметкерлердің бұл үдеріске бірдей белсенді араласып отырғанын айта алмаймыз.

Бесінші қайшылық басқарушылық сипатта болды.

Цифрлық деректер көлемінің артуына байланысты бақылаудың дәстүрлі тәсілдері барлық үдерістерді жедел басқаруға мүмкіндік бермейтіні айқын байқалды.

Осыған байланысты деректерді талдау, мониторинг жүргізу, қатерлерді болжау және деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қажеттілігі туындады.

Сонымен қатар, мемлекеттің колледждердің қызметін бағалау тәсілдерінің өзгеруі де маңызды сын-қатерлердің біріне айналды.

Бүгінде тек колледж әкімшілігінің жұмысы ғана емес, әрбір қызметкердің қызметі де бағаланады.

Педагогтердің біліктілік санаты, аттестаттаудан уақытылы өтуі, заңнама мен лицензиялық талаптардың сақталуы, құжаттаманы жүргізу сапасы, студенттердің конкурстар мен чемпионаттардағы жетістіктері, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, кураторлардың жұмысы, педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысуы — мұның барлығы колледждің жалпы рейтингісін қалыптастырады.

Біз барлық қызметкерлер бұл өзара байланысты толық деңгейде түсінеді деп айта алмаймыз.

Кей жағдайда әкімшілік тарапынан қойылатын талаптар қосымша жүктеме ретінде қабылданады. Алайда бүгінгі күні бұл тек колледждің ішкі талаптары емес, мемлекеттің колледж қызметінің тиімділігін бағалайтын негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Егер педагог аттестаттаудан уақытылы өтпесе, құжаттамада заң бұзушылықтарға жол берілсе немесе кадрлық құрамға қойылатын сапалық талаптар орындалмаса, колледж рейтингтік ұпайларын жоғалтады.

Ал рейтингтік көрсеткіштердің төмендеуі болашақта мемлекеттік білім беру тапсырысының көлеміне, білім гранттарының санына, колледждің бәсекеге қабілеттілігіне және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы орнына тікелей әсер етуі мүмкін.

Колледждер рейтингі кестесі

ҚАНДАЙ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК

Объективті қиындықтарға қарамастан, дәл осы қиындықтарды еңсерудің нәтижесінде бүгін біз колледж қызметіндегі сапалы өзгерістер туралы сеніммен айта аламыз.

Ең алдымен, білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа моделінің негізін қалыптастыра алдық.

Тәжірибе теорияға жақындай түсті, ал теория тәжірибемен ұштасты.

Біз оқу модульдері мен өндірістік оқыту арасындағы үздіксіз байланысты қалыптастыруды бастадық. Бұл білім беру үдерісін еңбек нарығының нақты талаптарына барынша жақындатуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл жүйелі өзгерістердің тек бастамасы екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан алдағы оқу жылында осы модельді одан әрі жетілдіру жұмыстары жалғасатын болады.

Екінші маңызды нәтиже – цифрлық білім беру ортасының дамуы.

Электрондық журналдарды жүргізу, **Platonus** жүйесі арқылы жұмысты жүйелі ұйымдастыру, өндірістік практика мен студенттердің өзіндік жұмысын цифрлық сүйемелдеу тәжірибесі енді тәжірибе ретінде емес, колледждің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігіне айналды.

Үшінші нәтиже – педагогикалық қызметтің жауапкершілік пен нәтижелілік мәдениетін одан әрі қалыптастыру болды.

Оқу жылы барысында педагогикалық ұжымның жұмысы оқытушылардың жеке жұмыс жоспарлары арқылы ұйымдастырылды. Бұл жоспарлар тек есеп беру құжаты ғана емес, кәсіби қызметті жоспарлау, өзін-өзі талдау және бағалау құралына айналды.

Жеке жұмыс жоспарларына педагог қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштері енгізілді. Олардың қатарында оқу-әдістемелік қызметтің нәтижелері, біліктілікті арттыру, кәсіби байқаулар мен жобаларға қатысу, студенттердің жетістіктері, цифрлық технологияларды қолдану, құжаттаманы сапалы жүргізу және оқытушының әрі жалпы колледждің рейтингіне әсер ететін басқа да көрсеткіштер қамтылды.

Бұл педагогтердің қызметін бағалау жүйесін неғұрлым ашық, объективті және нақты нәтижеге бағдарланған деңгейге көтеруге мүмкіндік берді.

Әсіресе, бұл жұмыстың басты мақсаты бақылауды күшейту емес, әрбір қызметкердің колледж қызметінің жалпы нәтижесі үшін жеке жауапкершілігін қалыптастыру екенін ерекше атап өткен жөн.

Бүгінде колледждің рейтингі көптеген көрсеткіштердің жиынтығы негізінде қалыптасады және әрбір оқытушының қосқан үлесі маңызды рөл атқарады. Сондықтан аттестаттаудан уақытылы өту, біліктілік санаттарын алу және растау, кәсіби байқауларға қатысу, біліктілікті арттыру, нормативтік талаптарды сақтау және жеке жұмыс жоспарын сапалы орындау формальды талап емес, колледждің стратегиялық дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселесіне де арнайы тоқталғым келеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы ретінде біздің міндетіміз тек білім беру бағдарламаларын орындап, диплом берумен ғана шектелмеуі тиіс.

Біздің басты мақсатымыз – өңірлік немесе республикалық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де табысты бәсекелесе алатын мамандар даярлау.

Кадрлар даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі – студенттердің кәсіби конкурстар мен кәсіби шеберлік чемпионаттарындағы, оның ішінде **WorldSkills** қозғалысындағы жетістіктері.

Бүгінде **WorldSkills** – жай ғана жарыс емес.

Бұл – болашақ мамандардың кәсіби даярлық деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік беретін халықаралық кәсіби стандарт.

Сондықтан арнайы пән оқытушылары өздерінің кәсіби құзыреттерін үнемі жетілдіріп, саланың заманауи талаптарын зерделеп, студенттеріне халықаралық деңгейдегі қандай дағдыларды үйрете алатынын нақты түсінуі қажет.

Күшті педагог → жоғары кәсіби деңгей → сапалы дайындалған студент → WorldSkills чемпионаттарына қатысу → колледждің жоғары рейтингі → колледждің бәсекеге қабілеттілігі.

Біз алдымызға өршіл мақсаттар қойып, студенттерді тек табысты жұмысқа орналасуға ғана емес, сонымен қатар кәсіби шеберлік байқауларына қатысып, жеңіске жетуге де жүйелі түрде даярлауымыз қажет.

Өйткені жоғары деңгейдегі чемпионаттардағы студенттердің жетістіктері олардың білім алу және кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал колледж үшін кадрлар даярлау сапасының көрсеткіші әрі оның бәсекеге қабілеттілігін растайтын маңызды дәлел болып табылады.

Сондықтан **WorldSkills** қозғалысына және басқа да кәсіби байқауларға қатысу жекелеген педагогтердің бір реттік бастамасы емес, әрбір бөлімшенің және арнайы пәндер оқытушыларының жүйелі жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Төртінші нәтиже – жасанды интеллект технологияларын жүйелі түрде енгізудің басталуы болды.

2025–2026 оқу жылының басында колледж қызметіне жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізу бағыты айқындалды. Бұл бағыт колледжді дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде белгіленіп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және цифрлық экономиканың жаңа талаптарына бейімделуін қамтамасыз ететін басым бағыттардың қатарына енгізілді.

Оқу жылы барысында біз педагогикалық ұжым арасында жасанды интеллекттің маңыздылығы туралы ортақ түсінік қалыптастырып қана қоймай, оны білім беру, оқу-әдістемелік және басқару қызметінде тәжірибелік тұрғыдан қолдануды бастадық. Оқу материалдарын әзірлеу, білім беру үдерісін сүйемелдеу, жекелеген жұмыс процестерін автоматтандыру және басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың алғашқы қадамдары жүзеге асырылды.

Бүгінде біз жасанды интеллектті қосымша цифрлық құрал ретінде емес, қазіргі білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды факторы және педагогтің жаңа кәсіби құзыреттілігі ретінде қарастырамыз.

Осы бағыттың колледждің одан әрі стратегиялық дамуы үшін ерекше маңызын ескере отырып, атқарылған жұмыстар, қол жеткізілген нәтижелер және жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісі мен колледждің басқару жүйесіне енгізудің келешегі туралы келесі баяндамада Бас директордың жасанды интеллект және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары мен Жасанды интеллект зертханасының бағдарламашысы жан-жақты таныстырады.

Бесінші нәтиже – кадрлық әлеуеттің нығаюы болды.

Есепті кезеңде колледжге жаңа мамандар тартылып, педагогтердің кәсіби құзыреттері кеңейтілді және кадрлық құрамның одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасалды.

Дегенмен, өткен оқу жылының ең басты нәтижесі жекелеген іс-шаралар немесе сандық көрсеткіштер емес деп есептеймін.

Негізгі нәтиже – колледждің тек қалыпты қызмет атқару моделінен даму моделіне кезең-кезеңімен көше бастауы.

Бұл өзгеріс тек ұйымдастырушылық шешімдермен ғана емес, нақты нәтижелермен де дәлелденеді. Оқу жылы ішінде «Интерьер дизайны» және «Графикалық дизайн» мамандықтары бойынша тәжірибеге бағытталған жобалар жүзеге асырылды. Студенттер колледждің білім беру кеңістігін жаңартуға және «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы жобаларды іске асыруға белсенді қатысты.

Құрылтайшының қолдауымен колледждің материалдық-техникалық базасы едәуір нығайтылды: заманауи компьютерлер, интерактивті панельдер, VR жабдықтары, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа да заманауи оқу құралдары сатып алынды.

Сонымен қатар талапкерлерді тартуға белсенді үлес қосқан қызметкерлерді ынталандыру жүйесі әзірленіп, енгізілді. Бұл жүйе студенттер контингентін нығайтуға және колледждің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Біз күнделікті ағымдағы мәселелерді шешуге ғана негізделген жұмыс тәсілінен біртіндеп стратегиялық басқару моделіне көшіп келеміз.

Бүгінде алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Егер 2025–2026 оқу жылы өзгерістерді бастаған кезең болса, онда 2026–2027 оқу жылы қол жеткізілген нәтижелерді бекіту және тұрақты дамыту кезеңіне айналуы тиіс.

Алдағы кезеңде бізге:

- колледжді цифрлық трансформациялау үдерісін жалғастыру;
- аналитикалық басқару жүйесін дамыту;
- тәжірибеге бағытталған оқытуды одан әрі күшейту;
- жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту;
- жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне жүйелі енгізу;
- мамандар даярлау сапасын және колледждің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттері жүктеледі.

Құрметті әріптестер!

Даму өзгеріссіз мүмкін емес, ал өзгеріс қиындықтарды еңсермей жүзеге аспайды.

Осы ретте жасанды интеллект мәселесіне ерекше тоқталғым келеді.

Егер 2025–2026 оқу жылы жасанды интеллект технологияларымен танысу кезеңі болса, онда 2026–2027 оқу жылы оларды күнделікті кәсіби қызметте тиімді қолдану кезеңі болуы тиіс.

Бүгінде жасанды интеллект қосымша цифрлық құрал болудан қалып, педагогтің жаңа кәсіби құзыреттілігіне айналып келеді.

Сондықтан жазғы кезеңде әрбір оқытушының алдында жасанды интеллект мүмкіндіктерін меңгеру міндеті тұр. Атап айтқанда, оқу материалдарын әзірлеуде, тапсырмалар дайындауда, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда, оқу нәтижелерін талдауда және оқу-әдістемелік қызметті жетілдіруде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану қажет.

Біз болашақтың мамандарын өткеннің құралдарымен даярлай алмаймыз.

Жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалануды меңгермеген колледж жақын жылдары өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғалту қаупіне ұшырайды.

Сондықтан бүгінгі күні біз бірнеше жоспарлау көкжиегінде қатар жұмыс істеуді үйренуіміз қажет.

Әрбір құрылымдық бөлімше мен әрбір қызметкердің:

- күнделікті және апталық ағымдағы жұмыс жоспары;
- семестр мен оқу жылына арналған қысқа мерзімді жоспары;
- 2–3 жылға арналған орта мерзімді даму жоспары;
- 5 жылға арналған ұзақ мерзімді жоспары;
- колледждің болашақтағы дамуын айқындайтын стратегиялық мақсаттары болуы тиіс.

Тек сонда ғана біздің әрбір іс-әрекетіміз уақытша мәселелерді шешуге емес, ортақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге қызмет етеді.

Бүгінгі міндетіміз – колледжді қазіргі деңгейінде сақтап қалу ғана емес.

Бұл мақсаттың берік негізі қазірдің өзінде қаланды. Өткен оқу жылында мамандар даярлау сапасын арттыруға, білім беру ортасын дамытуға және колледждің инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды жобалар іске асырылды. Студенттердің жобалық қызметінің нәтижелері колледждің дамуына нақты үлес қоса бастады. Материалдық-техникалық база жаңартылды, білім беру үдерісінің цифрлық мүмкіндіктері кеңейтілді, талапкерлерді тартудың жаңа тетіктері енгізілді және колледждің одан әрі цифрлық трансформациясына қажетті негіз қалыптастырылды.

Біздің басты мақсатымыз – колледжді қаламыздағы ең үздік әрі бәсекеге қабілетті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының біріне айналдыру.

Бұл нәтижеге қол жеткізу тек директордың немесе әкімшіліктің ғана емес, колледжде еңбек ететін әрбір қызметкердің кәсібилігіне, жауапкершілігіне және ортақ іске қосқан үлесіне байланысты.

Өткен оқу жылы біздің ұжымның жаңа талаптарға бейімделіп қана қоймай, колледждің болашағын айқындайтын тың бастамаларды жүзеге асыруға қабілетті екенін көрсетті.

Осы орайда барша педагогикалық ұжымға атқарған қажырлы еңбегі, жоғары жауапкершілігі және колледждің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін.